ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 маусым №1112-24-00-2/1492 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.А. Аймухамедов
азаматтық істі оңайлатылған тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Табыс» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арыз –қанағаттандырылсын.

«Табыс» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Табыс» жеке кәсіпкерінен 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Жауапкер онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған шығарған шешім сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 401-404 баптарының талаптарын сақтай отырып Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысы мамандандырылған

ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге болады.

Судья А.А. Аймухамедов

Құжатқа қол қойылған: Аймухамедов А. А., 24.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Аймухамедов А. А., 02.08.2024

1112-24-3-1/1527